

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің
шетел тілі факультетінің 1 курс студенті
Тулегенова Арайлым Жасулановна

Жетекшісі: Турбаева Сая Мухамбетжанкызы

Ағылшын тілі сабағында жобалау әдісін қолданудың мақсаты және оның жолдары

Жобалау әдісі- қазіргі таңдағы инновациялық технологиялардың озаты. Педагогикалық жоба мұғалімдермен арнайы ұйымдастырылған , балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығын дамытатын арнайы әдіс.

Жобалау әдісін алғашқы кезеңде жіктеуді түрлі негіздемелер бойынша жүргізеді: қатысушылардың санына қарай; орындаудың түріне қарай; қызметіне қарай және т.б. мұғалімнің жобаны орындауы мектеп оқушыларының кезіндегі атқаратын қызметін ұғынуға байланысты. Жақсы жобаның белгілері:

- ✓ практикалық құндылығы;
- ✓ білім алушылардың өздігінен зерттеу жүргізуі;
- ✓ мәселені шешу мүмкіндігі;
- ✓ оқушыға қабілетіне қарай оқуға мүмкіндік беруі;
- ✓ оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуі;

Жобаны орындау барысында оқушылар инновациялық шығармашылық қызметтің алгоритмін меңгереді, ақпаратты өздігінен іздеу, талдауды үйренеді, біліміндегі кемшілікті толықтырады, шығармашылық міндеттерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Жобалау әдісін ағылшын тілі сабақтарында қолдану үлкен дайындықты талап етеді. Жобалау әдісін бастауыш сыныпта дайындау үшін, біріншіден жобаның негізгі қырларын белгілеу қажет. Жобалау әдісінің негізгі тұстары: 1) зерттеушінің жеке оқу бағдары және оның зерттеу жұмыстарындағы тәжірибесі. Оқушылар әр түрлі құбылыстарға, болмыстарға, өмір аспектілеріне (өз отбасылары туралы айтады, туристік кітапшаларды жазады, әр түрлі тақырыпта интервьюлерді алу, әлеуметтік мәселелерді талдайды). Дұрыс ұйымдастырылған және құралған жоба, күнделікті өмірдегі жағдаяттарды шешуге көмек береді.

2) Мектеп қабырғаларынан тыс оқушылардың білімдерін проекциялау. Шет тілде сөйлейтін адамдар шоғырланған жерге барып, интервью алу. Мұндай әдіс оқушылардың тілдесуін жаттықтыру деңгейінен, шынайы өмірлік жағдайға итермелейді.

3) Қатысушылардың жоба барысындағы әрекет еркіндігі, өзіндік жұмыс жасауды қалыптастырудың жолы. Бұл тараптарға жобаның тақырыбын,

жобаны зерттеу формасын, оның көпшілікке ұсыну жолын оқушы өз бетінше таңдайды. Мұғалім оқушыларға тек бағыт - бағдар беруші. Жобаны оқушылар толығымен өздері істеуге талпынуы қажет. Бұл бағыт, оқушыларға өзінің перспективасын нақтылауға көмектеседі. Ең бастысы, мұндай әдіс оқушылардың жауапкершілігін арттырады.

4) Зерттеу барысындағы оқушылардың жобасын жекелендіру және топта, жұпта жұмыс жасаудың шексіз мүмкіндіктің болуы. Мұндай өзгеріс барысында оқушылар топта, жұпта, әр түрлі жағдаяттарға икемдене отырып өздерінің жұмысқа деген шапшаңдықтары арта түседі.

Негізінен, бұл жағдайда пирамида әдісін қолданған тиімдірек. Яғни, оқушыларға үйде немесе сыныпта белгілі бір тапсырмалар қатары беріледі. Оқушы оны бірінші жеке қарастырады, кейін жұппен және топпен. И.А.Бимнің пайымдауынша «жоба, оның материалдық өнімі, оқу сатысының бір бөлігінің (үлкен немесе кіші) аяқталуы. Ол оқушыларға осы оқу сатысы барысындағы межеленген материалдың игерілгенін сезіндіреді. Бұл оқушылардың жоба қорытындысына сүйене отырып, өздерінің білімдерін, жеке және топта жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға көмектеседі».

Көбінесе жобалау әдісін жоғары сыныптарда ғана қолданады деп ойлайды. Дегенмен, тәжірибеге сүйенетін болсақ жобалау әдісі бастауыш сыныптарда да өте өнімді. Бастауыш сынып оқушыларында сөздік қор аса қатты дамымаған, жұпта немесе топта жұмыс істеуді толығымен меңгермеген. Сол себептен, мұғалім бастауыш сыныптарда жобалау әдісін қолданғысы келсе, өз тәжірибесіне сүйене білуі қажет. Яғни, оқушыларға жобалау әдісін таныстыруды кішкенеде бастауы қажет.

«Жоба» деген ұғым мағынасы шығармашылық, толығымен аяқталған, жас ерекшеліктеріне және оқушы қабілеттеріне сай. Жобалау әдісінің қолдану тәжірибесіне орай, бұл әдісті оқушыларға біртіндеп енгізген жөн. Яғни, бастапқыда қысқа мерзімді жобадан бастап, біртіндеп ұзақ мерзімді жобаға ауысу.

Алғашқы жобаны бастауышта *1-2 сыныптарынан* бастайды. «My favourite animal» тақырыбы оқушының жобалаудағы алғашқы тәжірибесі үшін өте ыңғайлы. Оқушы өзінің сүйікті жануарын таңдайды, бейнелейді және ол туралы шағын ақпарат береді. Сол арқылы, олар жобаны безендіру тәртіптерімен танысады. (тақырып, жоба авторы, сыныбы, ұқыпты дизайн жасалуы). Оқушылар алғашқы жобасын А4 форматында жасайды. Оқытушы алдын-ала нұсқаулытар беріп, үлгісін көрсетеді. Жұмыстың артықшылығын не кемшілігін талқылаудың орнына, оқытушы безендірудің талаптарын айтады. Сабақ үстінде жобада қолданылатын грамматика, лексика тексеріледі. Келесі сабақта сынып ішінде шағын көрме ұйымдастырылады. Әр оқушы өзінің жобасын қорғайды. Көрме соңында оқытушы әр жобаның артықшылықтарын алға тартып, кеткен қателіктер бойынша кеңес береді. Бірақ осымен «Менің сүйікті жануарым» жобасы аяқталмайды. Өйткені біз жаңа грамматикалық ережелер және сөздерді оқу жылы барысында өтеміз. Олар өткен ережелерден сөйлемдер құрап, өз жобасын жыл бойы толықтырады. Осылайша, оқу жылы соңында балаларда толыққанды әңгіме

құрылады. Кейін, сынып болып кішкене әңгіме жинағын құрастыруға болады.

Екінші сыныптағы бірнеше тақырып, бір парақтан бастап бір кітапқа дейінгі көлемде жобаны ұйымдастыруға мүмкіншілік береді. Мысалы, «My mother», «My birthday», «My friend», «My pet», «Favourite food», «My jobs» және тағы да басқалары. Мұндай жинақтар оқушының сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі. 1-2 сыныптарындағы жобалар көбінесе қысқа мерзімді (1-2 апта) болып келеді.

3 сыныпта жобалар күрделене түседі. Бұл жобалардың мерзімі 1 айдан аспайды және тек қана бір лексикалық тақырып меңгеруінен аспауы керек (4-6 сабақ). Мысалға, «Happy birthday», бұл жобаны ұйымдастыру шақырту қағаздарының жаслуынан (немесе оған жауап қайтаруынан) басталуы мүмкін. Кейіннен сыйлық таңдауды, ашық хатты безендіру және тілек жазумен жалғасады. Мұнда ашық хаттарды компьютермен безендіруге болады. Солайша, оларға компьютермен жұмысты игерте аламыз. Оқушылар Microsoft Word, Power Point, Excel секілді программалармен жұмыс істеуге үйренеді. Олар суреттерді қоюға, тексттерді жазуға, олардың түстерін өзгертуге үйренеді. Ары қарай, туған күн мәзірін, сценарий жасайды. Соңында «Туған күн» жобасы мерекелік сабаққа айналады. 3 сыныпта көбінесе жоба топпен ұйымдастырылады.

Барлық сабақ дерлік жоба тақырыбына айнала алады. Мысалы, «Менің үйім», «Киноға барайық», «Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан», «Арманымдағы қала», «Спорт» және тағы да басқа. Топпен жоба қорғау, оқушылар арасында жақсы қарым-қатынас орнатады. Оқушылар топта жұмыс істеуді үйренеді.

4 сыныпта жобалау шарттары күрделенеді. Мысалы, «About myself» тақырыбы, жыл бойы зерттеледі. Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Жобада оқу жылы барысында өткен барлық тақырыптар, ережелер қолданылуы тиіс. 4 сыныптарға арналған жобалар тақырыптары: «Менің жазғы демалысым», «Менің қалам», «Менің сүйікті кином», «Менің сүйікті кітабым», «Менің отбасымдағы дәстүрлер», «Менің елім», «Қиялымдағы саяхат» және тағы да басқа. Сабақ үстінде ұсынылған жоба тақырыптарынан басқа, оқушылар өздігінен ізденіп, тақырыпты ұсына алады. Оқушылар өздігінен зертеу жүргізеді.

Өз мақалымды қытайдың дана сөздерімен аяқтағым келеді: «естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, істегенімді-меңгеремін». Менің ойымша, бұл даналық жобалай әдісін толығымен сипаттап тұр. Оқушы сабақ барысында жұмыс істей отырып, тек мұғалімнің берген мағұлматымен шектелмейді. Ол өздігімен ізденеді. Ал, мұғалім дирижёр тәріздес, тек оқушының өзіндік жұмысын, оқу процесін бақылайды.